



БҰЙРЫҚ

14.02.2024 № 9-НК

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

**«Рухани қазына – 2024»
мәдениет және өнер ұйымдары
мен қызметкерлерінің республикалық
фестивалін өткізу туралы**

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабындағы 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 56 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6923 болып тіркелген) Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидасының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 385-НҚ «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесінің 14 тармағының 11) тармақшасына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Рухани қазына – 2024» мәдениет және өнер ұйымдары мен қызметкерлерінің республикалық фестивалі (бұдан әрі – Фестиваль) өткізілсін.
2. Қоса беріліп отырған Фестивальді өткізу қағидалары бекітілсін.
3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Репертуарлық саясат және өңірлік қызметті үйлестіру басқармасы Фестивальді жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өткізуді қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті төрағасының жетекшілік етуші орынбасарына жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Төраға

К. Сейітова

000119

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі
Мәдениет комитеті төрағасының
2024 ЖЫЛҒЫ «14» 02
№ 9-III бұйрығымен
бекітілген

**«Рухани қазына – 2024» мәдениет және өнер ұйымдары
мен қызметкерлерінің республикалық фестивалін
өткізу қағидалары**

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Рухани қазына – 2024» мәдениет және өнер ұйымдары мен қызметкерлерінің республикалық фестивалін өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Рухани қазына – 2024» мәдениет және өнер ұйымдары мен қызметкерлерінің республикалық фестивалінің (бұдан әрі – Фестиваль) Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидасын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 56 бұйрығының 6 тармағына сәйкес әзірленіп, мақсаты мен міндетін, өткізу тәртібін айқындайды.

2. Фестиваль Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің тапсырысымен өткізіледі.

3. Фестивальдің қатысушылары – музейлер (облыстық, аудандық (қалалық), ауылдық), кітапханалар (облыстық, аудандық (қалалық), ауылдық), мәдени-демалыс ұйымдары (облыстық, аудандық (қалалық), ауылдық) (бұдан әрі – мәдениет ұйымдары) және мәдениет ұйымдарының қызметкерлері.

2 тарау. Фестивальдің мақсаты мен міндеттері

4. Фестивальдің мақсаты - мәдени-демалыс ұйымдарының, музейлердің және кітапханалардың қызметінде тәжірибемен алмасуы, қазақстандық патриотизм мен ұлттық-мәдени бірлігін дамыту аясында халықтық мәдениетті насихаттау мен өңірлік мәдениет ұйымдары имиджін нығайтуға бағытталған үздік әлеуметтік-мәдени және білім беру тәжірибелерін көрсету болып табылады.

Фестивальдің міндеттері:

1) өнердің шығармашылық жетістіктерін анықтау және талантты, өзіндік ерекшелігі бар шығармашылық ұжымдар мен орындаушыларды қолдау;

2) мұражай, кітапхана және мәдени-демалыс қызметі салаларындағы жетістіктерді көрсету;

3) мәдени мұраны насихаттау және олардың дамуындағы сабақтастықты қамтамасыз ету;

4) өңірлердің мәдени мұрасымен танысу, көрсетілген іс-шара шеңберінде қызмет тәжірибесімен алмасу;

5) мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің әлеуетін және кәсіби шеберлігін арттыру.

3-тарау. Фестивальді өткізу тәртібі

5. Фестиваль келесі кезеңдерден тұрады:

1) 2024 жылғы 10 – 30 сәуір аралығында «Рухани қазына – 2024» конкурстық көрсетілімін өңірлік деңгейде (бұдан әрі – Өңірлік конкурстық көрсетілім) өткізу.

2) 2024 жылғы 16 мамырда өңірлік деңгейдегі конкурс жеңімпаздары арасында «Рухани қазына – 2024» республикалық конкурстық көрсетілімінің ресми ашылуы;

3) 2024 жылғы 16-18 мамыр аралығында Республикалық конкурстық көрсетілімін өткізу;

4) 2024 жылғы 19-20 мамырда шеберлік сыныптарын өткізу;

5) 2024 жылғы 21 мамырда Фестивальдің жабылуы – Фестивальдің жеңімпаздарын марапаттау, Гала-концерт.

6. Фестивальді өткізу қағидалары Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік), облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының мәдениет басқармаларының (бұдан әрі – мәдениет басқармалары) интернет-ресурстарында, сондай-ақ республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

7. Республикалық конкурстық көрсетілім өңірлік конкурстық көрсетілімнің жеңімпазы болып табылатын мәдениет ұйымдары мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің арасында өткізіледі.

8. Мәдениет ұйымдарының арасында Республикалық конкурстық көрсетілім келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Үздік облыстық мәдени-демалыс кешені»;

2) «Үздік аудандық (қалалық) мәдениет үйі (сарайы)»;

3) «Үздік ауылдық мәдениет үйі, (клубы)».

4) «Үздік облыстық маңызы бар кітапхана»;

5) «Үздік аудандық (қалалық) маңызы бар кітапхана»;

6) «Үздік ауылдық маңызы бар кітапхана»;

7) «Балалар, жасөспірімдер немесе балалар және жасөспірімдерге арналған үздік кітапхана»;

8) «Айрықша қажеттілігі бар азаматтарға арналған үздік кітапхана»;

9) «Үздік облыстық маңызы бар музей»;

10) «Үздік аудандық (қалалық) маңызы бар музей»;

9. Мәдениет ұйымдары қызметкерлері арасында республикалық конкурстық көрсетілім келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Облыстық мәдени-демалыс ұйымының үздік қызметкері»;

2) «Аудандық (қалалық) мәдениет үйінің (сарайы) үздік қызметкері»;

3) «Ауылдық мәдениет үйі, клубының үздік қызметкері»;

4) «Облыстық маңызы бар кітапхананың үздік қызметкері»;

5) «Аудандық (қалалық) маңызы бар кітапхананың үздік қызметкері»;

6) «Ауылдық маңызы бар кітапхананың үздік қызметкері»;

7) «Айрықша қажеттілігі бар азаматтарға арналған кітапхананың үздік қызметкері»;

8) «Облыстық маңызы бар музейдің үздік қызметкері»;

9) «Аудандық (қалалық) маңызы бар музейдің үздік қызметкері»;

10. Өңірлік деңгейдегі конкурстық көрсетілімге қатысу үшін мәдениет ұйымдары мен қызметкерлер (ауылдық, аудандық, облыстық, аудандық, облыстық және республикалық маңызы бар) 2024 жылғы 10 сәуірге дейін мәдениет басқармаларына осы Қағидалардың 1-қосымшасына (мәдениет ұйымдары үшін өтінім), 2-қосымшаға (мәдениет ұйымдары қызметкерлері үшін өтінім) сәйкес нысанда рәсімделген «Рухани қазына – 2024» конкурсына қатысуға өтінімді (бұдан әрі – Өтінім) ұсынады.

11. Мәдениет басқармалары осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес ағымдағы жылға 30 сәуірге дейін Ұйымдастыру комитетіне облыстың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жетекшілік ететін әкім орынбасарының қолымен қазылар алқасы отырысының хаттамасымен келесі конкурстың материалдарын қоса беріп, жолдайды:

Мәдениет ұйымдары үшін:

1) мәдениет ұйымдары үшін өтінім;

2) бағалауға жататын мемлекеттік мәдениет ұйымның 2022-2024 жылдардағы жетістіктері, оның кадрлық және сапалық құрамы туралы қысқаша анықтама;

3) мәдениет ұйымының 2022-2024 жылдардағы жұмысы жөнінде ақпаратты құрайтын, Power Point нұсқасында әзірленген, кемінде 50 слайдтан тұратын 5 минутқа дейін таныстырылымды (презентация) бейнежазбасы.

Таныстырылымда 2022 жылдан ерте емес дайындалған материалдар қолданылады.

мәдениет ұйымдарының қызметкерлері үшін:

1) мәдениет ұйымдары қызметкерлері үшін өтінім;

2) мәдениет ұйымынан қызметкерді ұсынатыны жөнінде өтініш хат;

3) конкурстық көрсетілімге қатысуға ұсынатыны жөнінде ұйымның мөрімен бекітілген ұжымдық отырысы хаттамасының үзінді-көшірмесі;

4) PDF форматында тұлғаның жеке басын растайтын куәлік көшірмесі;

5) қатысушының 3*5 фотосуреті (электронды нұсқада, pdf/jpeg форматында);

б) мәдениет ұйымы қызметкерінің 2022-2024 жылдардағы қызметі туралы ақпаратты құрайтын, Power Point форматында әзірленіп, кемінде 50 слайдтан аспайтын 5 минутқа дейін таныстырылымды (презентация) бейнежазба.

Ағымдағы жылдың 30 сәуірден кеш түскен конкурстық көрсетілімнің материалдары Фестивальде қарастырылмайды.

«Рухани қазына – 2024» Республикалық фестивалінің жеңімпаздары Фестивальге қатысуға жіберілмейді.

12. Республикалық конкурстық көрсетілімге қатысу үшін өңірлік конкурстық көрсетілімнің материалдары Ұйымдастыру комитетіне қағаз және электрондық тасығыштарда (флешкарта) Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, 14 кіреберіс, № 527 кабинет мекен-жайы бойынша ұсынылады. Анықтама үшін телефондар: + 7 7172 74 03 70, +7 7172 74 03 74.

13. Осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес келмейтін конкурстық материалдар қарастырылмайды және қайтаруға жатпайды.

14. Фестивальге қатысушылардың келіп-кетуі, жататын орны мен тамақтануы бойынша шығындар жіберуші тарап есебінен төленеді.

4-тарау. Ұйымдастыру комитеті

15. Фестивальдің дайындығы мен өткізілуіне жалпы басшылық құрамын Тапсырыс берушінің келісімімен Өнім беруші бекіткен Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері өз жұмыстарын қоғамдық бастамаларда жүзеге асырады.

16. Фестивальдің Ұйымдастыру комитеті елдегі эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып, Республикалық фестиваль мен марапаттау салтанатын онлайн форматында өткізу туралы құқығын өзіне қалдырады.

17. Фестивальдің жұмысын жариялау мақсатында Ұйымдастыру комитеті бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз-парағын, Республикалық фестиваль бағдарламасын және өзге де ақпараттық-анықтамалық сипаттағы материалдарды ұсынады.

18. Ұйымдастыру комитеті конкурсты дайындау кезінде туындайтын басқа да ұйымдастырушылық мәселелерді шешеді.

5-тарау. Конкурстық көрсетілімнің қазылар алқасы

19. Мәдениет басқармалары Өңірлік конкурстық көрсетілімнің қазылар алқасын қалыптастырады.

20. Өңірлік конкурстық көрсетілімнің қазылар алқасы осы Қағидалардың 8 және 9 тармақтарында көрсетілген әр номинация бойынша бір жеңімпаздан Республикалық конкурстық көрсетілімге қатысу үшін ұсынылатын байқау

құжаттарын іріктеп, бағалап, қазылар алқасының төрағасы мен барлық мүшелерінің қолы қойылған хаттама негізінде қарастырады.

21. Республикалық конкурстық көрсетілімнің қазылар алқасының құрамын Тапсырыс берушінің келісімімен Өнім беруші бекітеді.

22. Қазылар алқасының саны, төрағаны қосқанда, тақ сан болуы тиіс.

23. Республикалық конкурстық көрсетілім қазылар алқасы мүшелерінің отырысы 2024 жылғы 16-18 мамыр аралығында өтеді.

24. Фестивальді және марапаттау салтанатын өткізу орны осы Қағидаларды Министрліктің және мәдениет басқармаларының интернет-ресурстарында, сондай-ақ республикалық және өңірлік деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырған сәттен «Рухани қазына – 2024» телеграмм арнасында дауыс беру жолымен анықталады. Дауыс беру мерзімі 2024 жылғы 30 сәуірге дейін.

25. Республикалық конкурстық көрсетілімнің қазылар алқасы мәдениет басқармалары ұсынған материалдарын келесі критерийлер бойынша қарастырады және бағалайды:

1) осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес мәдениет ұйымдары мен қызметкерлерінің ұсынған ақпаратының толыққанды болуы;

2) материалдар мазмұнының ойға қонымдылығы;

3) Республикалық конкурстық көрсетілімге қатысуға өтінім берген басшының (мәдениет ұйымдары үшін) сондай-ақ қызметкердің таныстырылымының креативтілігі (ұсынылуы, шығармашылық тұрғысы, сөйлеу және жұмыстың рәсімделу сауаттылығы);

4) мәдениет ұйымдарында жаңа технологиялар мен әдістемелік жұмыстары (әдістемелік құралдары мен дидактикалық материалдарын, хабарламалар, баяндамалар, әдістемелік ұсынымдар мен бағдарламаларды, жоспарларды) және өзін-өзі оқыту бағдарламалары;

26. Республикалық конкурстық көрсетілімнің қазылар алқасы:

1) байқауға қатысушының таныстырылымын тоқтатуға;

2) осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында көрсетілген номинациялар бойынша бірнеше жеңімпаз болған жағдайда сыйлықақыларды бөлу;

3) лайықты үміткерлер болмаған кезде осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында көрсетілген номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтамау құқығын өзіне қалдырады.

27. Республикалық конкурстық көрсетілімнің Қазылар алқасы хаттамамен рәсімделетін және төрағасымен және барлық мүшелерімен қол қойылатын хаттамамен рәсімделетін ашық дауыс беру жолымен көп дауыспен шешім қабылдайды.

28. Республикалық конкурстық көрсетілімнің Қазылар алқасының шешімі Фестивальдің жабылу рәсінде жарияланып, соңғы шешім болып саналады және қайта қарауға жатпайды.

29. Республикалық конкурстық көрсетілімнің Қазылар алқасы осы Қағидалардың 8 және 9 тармақтарында көрсетілген номинациялар бойынша жүлделер тағайындайды.

30. Республикалық конкурстың жеңімпаздарына бекітілген жүлде қорындағы мөлшерге сәйкес салтанатты түрде диплом, статуетка және ақшалай сыйлықақы табысталады немесе эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып, пошта байланысы арқылы жолданады.

31. Қазылар алқасы мүшелеріне сыйақы төлеу жасалған келісім-шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

32. Қазылар алқасы мүшелерінің іс-шара шеңберінде өтетін қалаға келуі мен кетуіне, тамақтануына, жатын орын және қала бойынша ішкі трансферіне жұмсалған шығындарды өтеу, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 Қаулысымен бекітілген қызметтік іссапарлар оның ішінде шет мемлекеттерге шығындарын өтеу қағидаларында белгіленген шектерде бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын әділ қазылар мүшелеріне және мемлекеттік ұйымдарда немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқару функцияларын жүзеге асыратын тұлғаларға Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлық туралы» Заңының 13 бап, 1 тармақшаның 3) тармақшасына сәйкес сыйақы төленбейді.

6 - тарау. Фестивальді қаржыландыру

33. Фестивальді қаржыландыру «Мәдениет және өнер саласында бәсекелестікті арттыру, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу және насихаттау және архив ісін іске асырудың тиімділігін арттыру» 033 республикалық бюджеттік бағдарламаның «Әлеуметтік-маңызды және мәдени іс-шараларды өткізу» 105 кіші бағдарламасы аясында көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

34. Фестиваль номинациялары бойынша келесі ақшалай сыйлықтар белгіленді:

1) «Үздік облыстық мәдени-демалыс кешені» - 1 000 000 (бір миллион) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);

2) «Үздік аудандық (қалалық) мәдениет үйі (сарайы)» - 1 000 000 (бір миллион) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);

3) «Үздік ауылдық мәдениет үйі, (клубы)» - 1 000 000 (бір миллион) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);

4) «Үздік облыстық маңызы бар кітапхана» - 1 000 000 (бір миллион) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);

5) «Үздік аудандық (қалалық) маңызы бар кітапхана» - 1 000 000 (бір миллион) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда) - 1 000 000 (бір миллион) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);

- 6) «Үздік ауылдық маңызы бар кітапхана» - 1 000 000 (бір миллион) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);
- 7) «Балалар, жасөспірімдер немесе балалар және жасөспірімдерге арналған үздік кітапхана» - 1 000 000 (бір миллион) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);
- 8) «Айрықша қажеттілігі бар азаматтарға арналған үздік кітапхана»;
- 9) «Үздік облыстық маңызы бар музей» - 1 000 000 (бір миллион) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);
- 10) «Үздік аудандық (қалалық) маңызы бар музей» - 1 000 000 (бір миллион) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);
- 11) «Облыстық мәдени-демалыс ұйымының үздік қызметкері» -500 000 (бес жүз мың) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);
- 12) «Аудандық (қалалық) мәдениет үйінің (сарайы) үздік қызметкері» - 500 000 (бес жүз мың) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);
- 13) «Ауылдық мәдениет үйі, клубының үздік қызметкері» -500 000 (бес жүз мың) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);
- 14) «Облыстық маңызы бар кітапхананың үздік қызметкері» -500 000 (бес жүз мың) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);
- 15) «Аудандық (қалалық) маңызы бар кітапхананың үздік қызметкері» - 500 000 (бес жүз мың) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);
- 16) «Ауылдық маңызы бар кітапхананың үздік қызметкері» -500 000 (бес жүз мың) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);
- 17) «Айрықша қажеттілігі бар азаматтарға арналған кітапхананың үздік қызметкері» -500 000 (бес жүз мың) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);
- 18) «Облыстық маңызы бар музейдің үздік қызметкері» -500 000 (бес жүз мың) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда);
- 19) «Аудандық (қалалық) маңызы бар музейдің үздік қызметкері» - 500 000 (бес жүз мың) теңге (жеке табыс салығын қоса алғанда).

7 - тарау. Қорытынды ереже

35. Осы Қағидалармен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

«Рухани қазына – 2024»
мәдениет және өнер ұйымдары
мен қызметкерлерінің республикалық
фестивалін өткізу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

**«Рухани қазына – 2024» _____ * конкурстық көрсетілімге
қатысуға өтінім
(мәдениет ұйымдары үшін)**

1. Мәдениет ұйымы туралы мәлімет

(Ұйымның атауы (ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсете отырып)	
Басшының аты-жөні, тегі (болған жағдайда)	
заңды мекен-жайы:	
байланыс мәліметтері(телефон, электронды пошта):	
Интернет-ресурстарында және әлеуметтік желідегі парақтары	
жалпы музей және кітап қорының көрсеткіштері, келушілер мен қызметті пайдаланушылар саны, жаңа түсімдер, кітап беру (2022-2024 жж.)	
елімізде және шетелде қайта даярлау және біліктілігін арттыру аясында сертификат алған қызметкерлер саны (2022-2024- жж.)	қызметкерлер саны (курс өткен шет мемлекетті көрсете отырып)
кітапханалар қызметіндегі өлкетану жұмыстары жөнінде	(тізімі, нәтижесі мен тиімділігі)
шығармашылық топтар, соның ішінде, ансамбльдер, вокалды-аспапты ансамбльдер мен би ұжымдары және т.б.	портфолио, фотоматериалдар, диплом, алғыс хат, құрмет грамоталары мен басқа да марапаттарының көшірмесі
музейдің ғылыми қызметі (археологиялық зерттеулер, этнографиялық экспедициялар, ғылыми- монографиялық зерттеулер, ғылыми және ғылыми-танымал басылымдағы	(саны, іс-шаралардың тізімі, нәтижесі мен тиімділігі)

мақалалар (иллюстрацияланған)	
елімізде және шетелде өткізілген мәдени-көпшілікке арналған және имидждік, сондай-ақ мәдени-ағарту іс-шаралар, соның ішінде тұрғындардың әлеуметтік осал топтарына бағытталған	(саны, іс-шаралардың тізімі, нәтижесі мен тиімділігі)
тұрақты форматта іске асырылатын жобалар	(тізімі, нәтижесі мен тиімділігі)
баспасөз ақпарат құралдарымен жұмыс, ақпараттық және PR-қызмет)	

Күні _____ 2024 ж.

(қолы) Басшының аты-жөні, әкесінің аты (болған жағдайда)

МО (болған жағдайда)

*республикалық немесе өңірлік деңгей

«Рухани қазына – 2024»
мәдениет және өнер ұйымдары
мен қызметкерлерінің республикалық
фестивалін өткізу қағидаларына
2-қосымша

**«Рухани қазына – 2024» конкурстық көрсетілімге қатысуға
өтінім**

(мәдениет ұйымдары қызметкерлері үшін)

Номинация _____

(мәдениет ұйымының толық атауы)

(Аты-жөні, лауазымы, байланысу мәліметтері (телефон, эл. мекен-жайы))

Күні _____ 2024 жыл

(қолы)

Басшының аты-жөні (болған жағдайда)

1. Мәдениет қызметкерінің қысқаша кәсіби биографиясы мен негізгі кәсіби қол жеткізген табыстары (2022-2024 жылдарға):

Тегі	
аты, жөні (болған жағдайда)	
туған жылы	
атағы, марапаттары (болған жағдайда)	
мекен-жайы	
телефоны	
эл. пошта	
білімі (мамандығы) ғылыми дәрежесі (болған жағдайда):	
жалпы жұмыс өтілі, соның ішінде мәдениет саласында	
қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын өткені	(оқыған орны мен мерзімі, біліктілік)

байқауларға қатысқаны, соның ішінде халықаралық байқаулар	байқаулар саны (нәтижесі)
жұмыста өзекті және инновациялық әдістерді пайдалануы	
тарихи өлкетанушылық, әлеуметтік маңызға ие ақпараттық ресурстардың жиынтығын құруы	
авторлық сценарийлік немесе әдістемелік материалдарды әзірлеуі	(клуб қызметкерлері үшін)
тәжірибесін жергілікті, облыстық деңгейде тарату	
қатысушы тікелей өзі жеңіп алған немесе оның қатысуымен іске асырылған гранттар (мерзіміне шектеу қойылмайды)	қатысушы грантты ұтып алған шығармашылық жобалар мен бағдарламалардың тақырыптары
қатысушының кітапханалық-ақпараттық саламен байланысты ғылыми-зерттеу, қоғамдық және мәдени-шығармашылық қызметте қол жеткізген табыстары	(кітапхана қызметкерлері үшін)
қатысушының музей қызметінің сапасын арттыру саласында қол жеткізген табыстары, қатысушының тікелей қатысуымен өткен экспозициялар мен көрмелердің тізімі	(музей қызметкерлері үшін)
мәдени-ағарту қызметін іске асыру саласындағы кәсіби жетістіктері	(клуб қызметкерлері үшін)
қатысушының өз қызметінде келушілерді тарту мен қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік беретін жұмыс түрі мен әдіс-тәсілдерін пайдалануы	
ғылыми мақалалар (Скопус, Ринца және т.б. ғылыми басылымдардағы мақалалары)	тізімі мен ғылыми мақалалардың көшірмесі жолданады
қатысушының баспасөз ақпарат құралдарындағы мақалалары	мақалалардың тізімі мен көшірмесі жолданады
өзін таныстыруын жеткізу деңгейі (дизайны, контенті,	

материалдардың мазмұны)	
-------------------------	--

2. Қатысушы ретінде ұсыну үшін келісім

Мен (аты-жөні, әкесінің аты) (болған жағдайда) _____ Фестивальге қатысушы ретінде қатысуға келісім беремін.
--

2024 жыл

(күні)

МО (болған жағдайда)

(қатысушының қолы)_____
(басшының қолы)